

Н.М. Абдукадыров^{1*} , Ж.И. Мулдахметова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОРТА АЗИЯДАҒЫ САЯСАТЫНЫҢ РУХАНИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ (XX ғ. басы)

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында әлемдік империализмнің шарықтау шегіне жетуі дүние жүзінде үлкен беделге ие болған империялардың сыртқы саясатының бағыттарын өзгертіп, тіпті барынша құбылтып отырды. Әрбір империя өзінің сыртқы саясатында сан түрлі бағыттар бойынша сырт елдермен байланыстар орнатты. Солардың бірі ретінде – Осман империясының Орта Азиядағы сыртқы саясаты мен оған негізделген рухани-идеологиялық бағыттарын көрсетуге болады. XIX–XX ғасырлардың тоғысында тілі мен діні, руханияты мен мәдениеті бір саналған түркі халықтарының бірлігі идеясы тек қана рухани-мәдени тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге саяси-идеологиялық жағынан да маңызды болды. Мақалада, Осман империясының Орта Азиядағы саясатының идеологиялық бағыттары мен оның саяси мәні мен мазмұны қарастырылады. Осман империясы тарапынан жүргізілген Ислам бірлігі мен Пантүркизм идеологиясына негізделген «Түркі бірлігінің» саяси идеясының тарихы зерттеледі. Әлемдік тарихнамада «Пантүркизм» деген атқа ие болған идеологиялық ағымның бастамасы болып табылатын рухани-мәдени бірлесудің саяси қырын көрсету мақаланың басты міндеттерінің бірі саналады. Сонымен қатар, Түркияның Орта Азияның мұсылман халықтары арасында панисламистік саясаты көрсетіліп, оған ғылыми талдау жасалады.

Түйін сөздер: Орта Азия, Түркістан, Осман империясы, Пантүркизм, Сыртқы саясат, Саяси процестер.

N.M. Abdukadyrov^{1*}, Zh.I. Muldakhmetova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²South Kazakhstan University named after M. Auevov, Kazakhstan, Shymkent

*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Spiritual and Ideological Directions of the Politics of the Ottoman Empire in Central Asia (early XX c.)

The culmination of world imperialism in the late 19th and early 20th centuries. led to a change in the foreign policy of the great powers. Each empire, on the way to solving its foreign policy problems, developed international integration in every possible way, established close ties with other states. One of them was the foreign policy of the Ottoman Empire in Central Asia, which was distinguished by its spiritual and ideological content. XIX–XX centuries the idea of the unity of the Turkic peoples prevailed, the spirituality and culture of which was considered one, had not only spiritual and cultural, but also political and ideological significance. The article examines the spiritual and ideological content of the policy of the Ottoman Empire in Central Asia at the beginning of the 20th century. The political significance of the spiritual and cultural unity of the Turkic peoples is revealed. The history of political ties based on the ideology of Islamic unity and Pan-Turkism on the part of the Ottoman Empire is investigated. One of the main tasks of the article is to consider the political aspect of the spiritual and cultural association, which is the beginning of the ideological trend known in world historiography as “Pan-Turkism”. It also analyzes the Pan-Islamic policy of the Ottoman Empire among the Muslim peoples of Central Asia.

Key words: Central Asia, Turkestan, Ottoman Empire, Pan-Turkism, Pan-Islamism, Foreign policy, Political processes.

Н.М. Абдукадыров^{1*}, Ж.И. Мулдахметова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Южно-Казахстанский Университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Духовно-идеологические направления политики Османской Империи в Средней Азии (начало XX в.)

Кульминация мирового империализма в конце XIX века и в начале XX в. привела к изменению направления внешней политики великих держав. Каждая мировая держава и империя на пути решения своих внешнеполитических проблем всячески развивала международную интеграцию, устанавливала тесные связи с другими государствами. Одна из них является внешняя политика Османской империи в Средней Азии, которая отличалась духовно-идеологическим содержанием. В начале XX века возобладала идея единства тюркских народов, духовность и культура которых считалась единой, имела не только духовно-культурное, но и политико-идеологическое значение. В научной статье рассматриваются духовно-идеологические направления внешней политики Османской империи в Средней Азии в начале XX века. Раскрывается политическое значение духовно-культурного единства тюркских народов. Исследуется история политических связей, основанных на идеологии исламского единства и пантюркизма со стороны Османской империи. Одной из главных задач статьи является рассмотрение политического аспекта духовно-культурного объединения, являющегося началом идеологического процесса, известного в мировой историографии как «Пантюркизм». А также анализируется панисламская политика Османской империи среди мусульманских народов Средней Азии.

Ключевые слова: Средняя Азия, Туркестан, Османская империя, Пантюркизм, Панисламизм, Внешняя политика, Политические процессы.

Кіріспе

Қазіргі кезде отандық тарихшы-ғалымдардың Отан тарихы мен Әлем тарихының өзекті мәселелерін зерттеуде жаңа методологиялық ұстанымдарға көшуіне негіз қалады. Тәуелсіздік алған кезеңнен бері қарай отандық тарихнамада Қазақстан тарихымен қатар, Әлем тарихын зерттеу жұмыстары да жақсы қарқын алып келеді. Соның ішінде түркі халықтары мен мемлекеттерінің тарихын зерттеуге де баса мән берілді. Отандық ғылымда түркі тілдес мемлекеттердің тарихын зерттеу аса маңызды тақырыптардың біріне айналды. Келесі кезекте, түркі халықтары арасында орын алған саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени байланыстар тарихының ара-жігін ажыратып, оның маңыздылығы мен ерекшеліктерін көрсету күн тәртібіндегі тақырыптардың бірі болды. Сол сияқты, тақырыптың мазмұнын құрап отырған XX ғасырдың басында Осман империясы мен Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарының байланыстары зерттеуді қажет ететін негізгі тақырыптардың бірі болып отыр.

Осман империясының Орта Азиядағы сыртқы саясаты мен оған бағытталған процестер негізінен ғасырлар бойына жүргізіліп, ол XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында аса ерекше мәнге ие болды. Осман мемлекетінде аса ауқымды саяси, тарихи

өзгерістер орын алып, ол түркілік идеологиямен байланысты болды. Бұл жағдай Түркияны Орта Азия елдерімен барынша жақындастырды. Анадолы түріктері мен Орта Азиядағы түркі халықтары арасындағы тілдік, діни-рухани бірлік пен тарихи-мәдени және туыстық жақындасу процесі Түркияның сыртқы саяси өмірінде маңызды орын иеленді. Оның ішінде Пантюркизм мен Панисламизм идеологиясының мәні мен маңызы өте жоғары болды (Қарғат, 2012, 10-11). Ендігі кезекте түркі халықтары арасында жаңадан қолға алынған Пантюркизм мен саяси мақсатқа бағытталған Панисламизм мен оның аясында орын алған процестерді зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланы дайындауда Түркия республикасының Президентіне қарасты Османлы архивінің материалдары қолданысқа тартылды. Зерттеу кезінде бұл архивтің материалдарына де баса мән беріліп, олар да ғылыми талдауға түсті. Османлы архивінің құжаттық жинақтары да тақырыптың мазмұнын ашуға көп септігін тигізді. (BOA, İ. DH.) Осман империясының XIX-XX ғасырлардағы сыртқы саясатына қатысты құжаттық материалдар Сыртқы істер министрлігінің (BOA, HR.) қорларында сақталған.

Зерттеу тақырыбы бойынша деректердің екінші тобын Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивінің материалдары құрайды. Архив материалдарының ішінде шетелдік азаматтар туралы мәліметтер мен арнайы кестелер, жинақтар, қолжазба хаттар мен әр түрлі құжаттар және басқа да материалдар болып, олар зерттеу жұмысында қолданыс тапты. Зерттеу жұмысында негізінен Орталық Мемлекеттік Архиві қорларының құрамындағы істердің құжаттары ғылыми талдауға түсті. Онда негізінен Түркияның Түркістан өлкесіндегі діни саясаты туралы мәліметтер көптеп келтірілген. ҚР Мемлекеттік Орталық архивінің құжаттары зерттеу жұмысында талдауға түскен ең негізгі материалдардың қатарында саналды және ол көптеген жаңа мәліметтердің ашылуына септігін тигізді.

Орталық Мемлекеттік архив материалдары Дала өлкесі мен Түркістан өлкесінде Түркияның пантүркістік саясатына негізделген дін саласындағы байланыстарына қатысты мәліметтер береді. Сонымен бірге, Осман империясының Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі халықтарына жүргізген мәдени және мұсылмандық білім реформаларына салаларында көрсеткен ықпалы жайлы ақпараттар қамтылған. Архив материалдары қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі түркілік мәдени ынтымақтастық жұмыстары мен оның нәтижелерін сипаттайды. Бастысы, Түркістандағы түркі халықтары, өзбек, қазақ, т.б. халықтардың діни білімі мен осы саладағы қызметінен хабар беретін мәліметтер сақталған (ҚРОМА 44 к. 1 т. 8582, 8777, 8766 істер).

Зерттеу жұмысына қатысты келесі деректер тобына түркиялық және басқа да шетелдік ғалымдар тарапынан жинақталған Түркияның саяси, мәдени реформаларымен байланысты болған құжаттар жинақтарын жатқызамыз. Сонымен қатар, нақты және ғылыми құндылығы жоғары материалдарға сүйене отырып жарияланған еңбектерді зерттеу жұмысына тартылды.

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізін тарих ғылымының тарихилық пен ғылыми объективтілік принциптерінің базалық ұстанымдары, шығармашылық талқылаудың, өзекті ғылыми және қолданбалы әлеуметтік-саяси мақсаттардың шешімін негізі ретінде плюрализмді тану мен жүйелілік құрайды. Зерттеу жұмысының методологиялық және зерттеу әдістемелік түрлерін таңдап

алуы тақырыптың бүгінгі ғылыммен және оның мәселелерімен байланысты екенін көрсетеді. Ғылыми жұмыстың жалпы әдістері тарихилықты, логикалық пен жүйелілікті біріктіреді. Осман империясында империялық идеология мен сыртқы саясаттың көрсетуде еуропалық және түрік ғалымдарының теориялары негізге алынды. Теория ретінде сыртқы саясат пен мәдени ынтымақтастықты жүргізуші билік пен элитаның қызметін анықтайтын идеялар, құндылықтар мен тұжырымдар басты назарда болды.

Осман империясының Орта Азиядағы саяси ұстанымдарына қатысты түрік тарихшылары зерттеулер жүргізген. Түркияның Орта Азиядағы түркі халықтарымен байланысы туралы түрік тарихшылары Селим Дерингил (Deringil, 2007: 15-19) мен Осман империясы тарихының жалпы жинағын ұйымдастырушылардың бірі, танымал түрік тарихшысы Энвер Зия Каралдың кітабында көрсетілген. Э.З. Каралдың кітабында түркілік бірлік идеялары жайлы мәліметтер қамтылған (Karal, 2011: 281). Осман империясындағы діни саясат пен оның басқа елдермен байланысы жөніндегі сұлтан II Абдулхамит пен одан кейін билікке келген Жас түріктердің қызметі туралы тұжырымдар танымал түрік тарихшысы Кемал Карпаттың еңбектерінде кездеседі (Karpat, 2015: 95). Мұнда түрік бірлігі туралы зерттеулер орын алып, ол жөнінде Юсуф Сарынайдың зерттеулерінде арнайы көрсетіледі (Sarınay, 2019: 7-12).

Өз кезегінде Түркияда Орта Азия мен жалпы Ресейдегі түркі халықтарының бірлігі жайлы зерттеген тарихшылар да аз болған жоқ. Орта Азиядағы түркі халықтарының Осман империясымен саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстарын зерттеген ғалымдар Мехмет Сарай (Saray, 2019: 17-20) мен тарихшы Алаеттин Ялчынкая (Yalçınkaya, 1997: 12-15) сынды зерттеушілердің ғылыми еңбектері осы саладағы басты тақырыптардың қатарынан орын алады. Аталған тарихшылар Осман империясының Түркістандағы түркі халықтарымен байланыстарымен бірге Пантүркизм идеологиясын зерттеді. Жаңа заманда түркі халықтарының бірлігі мен Пантүркизм тарихы бойынша Якоб Ландаудың еңбегі өзінің ғылыми құндылығымен ерекшеленеді (Landau, 1981: 15-20)

Сол сияқты, еліміздің тарих ғылымы мен түркітану саласында зерттелуі тиіс тақырыптың бірегейі Пантүркизм болды. Тарихшылар,

қоғамтанушы-ғалымдар, мамандар Түркия-Ресей-Хиуа-Бұхара нүктелерін, яғни Түркия мен Орта Азия елдері арасындағы қатынастардың дамуын зерттеп келеді. Сонымен қоса, басты тақырыптар діни білім мен оқу-ағарту саласында болып, Түркістан өлкесінде жәдитшілікті Осман империясындағы саяси-идеологиялық және оқу-ағартушылық жағдайлармен байланысты тақырыптар да назардан тыс қалмады. Олардың қатарында М.Ә. Жолсейітованың (Жолсейітова, 2020: 2-4), Қ.Базарбаевтың (Bazarbaev, 2011: 88-81) ғылыми еңбектерін атап өтуге болады.

XX ғасырдың басындағы Осман империясының Орта Азиядағы саясаты мен оның Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы аймақтағы халықаралық ұстанымдары мен әрекеттері бойынша зерттеу жұмыстары Ресей ғылымында да жүргізіліп келеді. Аталған мәселе мен жалпы түркі халықтарының бірлігі тақырыбында тарихшы А.Д. Васильевтің ғылыми еңбектеріне назар аударуға болады. Зерттеуші, XIX ғасырдағы Осман империясы мен Орта Азия халықтарының байланыстарына қатысты ауқымды зерттеулер жүргізген (Васильев, 2000: 36-40). Тарихшының XX ғасырдың басындағы Осман империясы мен Түркістан халықтары арасындағы байланыстар тарихына қатысты еңбектері де бар.

XX ғасырдың басында Түркістан өлкесі мен ондағы саяси мәселелермен айналысушы тарихшы Т.В. Котюкованың зерттеулерінде де тақырыпқа қатысты мәселелер көтерілген (Котюкова, 2010:92-96). Зерттеуші, Орта Азиядағы түркі халықтарының діни мен діни бірлігіне қатысты болған тақырыптар бойынша ғылыми мәселе көтерген. Сол сияқты Осман мемлекетінің Орта Азиядағы түркі халықтарымен жақындасуына мәдени, тілдік, діни бағыттардағы жақындығы туралы зерттеулер Д. Араповтың (Арапов, 2006: 62-63) еңбектерінде көрсетілген.

Нәтижелер мен талдаулар

XX ғасырдың басында Осман империясы Орта Азия түркілерімен бірлесу және олармен саяси салада әрекеттесудің басты принциптерін ұстанды. Әрине, бұл процестер бұрыннан жалғасқан саяси байланыстардың заңды жалғасы еді. Тек XX ғасырдың басына келіп, оның форматы жан-жақты өзгерді және ол ерекше қарқын алды. XX ғасырдың басында Осман империясының түркі халықтарымен байланысуы

мен бірлесуінің саяси мәні терең болып, мұндай саяси бірлесудің мәдени, рухани және ең бастысы идеологиялық маңызы басым болды. Оның маңыздылығы Осман мемлекетінде жаңарған ұлттық сипаттағы мемлекет құру жолындағы реформа жасау үшін түркілік мәдениет пен руханияттың идеологиялық ықпалы күшті болды. Себебі, бұл кезде Осман империясы әлсіреп, ішкі бірлігінде дағдарыс жағдайлары орын алды. Үкімет мемлекеттің саяси өмірі мен оның даму болашағы үшін қолдан келгеннің барлығын жасады. Солардың бірі – ұлттық мемлекет құру және оның атауын сол ұлттың атауымен атау идеясы болды. Бұл идея 1908 жылдан бастап билікке Жас түріктердің келуімен байланысты болды. Бірақ, бірнеше халықтар мен ұлттардың басын біріктірген Осман мемлекеті үшін бір ұлттың атауымен аталатын мемлекет құру қиын еді. Дегенмен, туындауы мүмкін болатын қиындықтар мен кедергілерге қарамастан мемлекеттің ұлттық идеологиясы мен оған бағытталған әрекеттер жасалып, түрлі шешімдер қабылданды (Kuran, 2010: 311-313).

Бұл кезеңде Осман мемлекет құлдырау процесін бастан кешіріп жатқан мемлекет саналды. дегенмен, мемлекеттің ахуалын барлық салалар бойынша қайта тіктеуге деген биліктің ынтасы зор болды. Империя деңгейінен арыла бастаған мемлекеттің әлеуметтік және саяси жағдайын реттеу үлкен өзгерістер мен реформаларды талап етті. Мемлекеттің саяси өмірін жаңадан қалыптастырып, саяси-идеологиялық реформаны жүзеге асыру үшін «Түркизм» идеясын қолға алып, оны дамыту қажет болды. Түркизм идеясы «Түрікшілдік» немесе «Түркілік» деген сияқты мағынасы бір болған терминдермен көрсетілді. Осылайша, Осман империясында жаңа бір мемлекеттік саяси идеология қалыптасып, ол «Түрік» атауымен байланысты болды.

Осы тұста айтылып отырған терминдерге тоқталсақ, Осман империясына түрікшілдікті нығайтуға бағытталған бұл атаулардың барлығы мемлекетті түрік ұлтының қалыптасуын түсіндіретін болды. Ол үшін «түркі» ұғымын кеңейтіп, ол үшін түріктердің атажұрты саналған Орта Азия мен Түркістан өлкесіндегі түркі халықтарымен жақындықты, туыстықты көрсетіп және мәдениет пен тілдің бірлігін дәлелдеп оны дүниеге жария ету қажет болды. Бұл үшін ендігі кезекте Түркияның ішкі және сыртқы саясатында «Пантүркизм» термині мен идеясының мәні мен маңызы арта түсті. Осман

империясында Пантүркизмнің пайда болуы мемлекетте саяси, идеологиялық салалардың жаңа бағытқа ауысуын көрсетті.

Осылайша, Түркияда қолға алынған Пантүркизм идеологиясы өз алдына мынадай негізгі міндеттер қойды, олар: мемлекетті ұлттық идеяның негізінде дамыту; түрік халқының ұлттық сана-сезімін арттыру; түркі халықтарының ынтымақтастығы мен бірлігін нығайту; т.б. болды. Мұнда, кейіннен ұлттық Түрік мемлекетінің құрылуына әкелуі мүмкін деген ұстаным басым болды. Демек, бір сөзбен айтқанда Пантүркизм бірінші кезекте түрік мемлекетін нығайтуға қызмет етсе, екінші кезекте түркі халықтарымен бірлестік пен ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған идея болды.

Ендігі кезекте, мәселені таратып айтатын болсақ, алдымен «түрік» және «түркі» терминдерінің орны мен қолданыс аясын кеңінен анықтап алған дұрыс. Себебі, бұл жағдай ғылымда әлі күнге дейін тартыс тудырып келеді. Түріктер үшін бұл екі термин де бір ғана «Türk» сөзімен айтылады. Ал, ғылымда бұл екі терминнің өзіндік мағынасы мен түсінігі екі бөлек. Яғни, бәрімізге белгілі болғандай, «Түрік» сөзі бір ұлттың атауын білдірсе, «Түркі» сөзі Еуразия даласында сан ғасырлық тарихы бар, кең таралған көне тілдердің бірі ретінде сипатталып, ол осы географияда өмір сүрген тілі мен мәдениеті ортақ болған халықтардың тілдік және мәдени бірлігін көрсетеді. Ал, XIX-XX ғғ. тоғысында Түрік халқы өздерін түркі әлемінің бір бөлшегіміз деген идеяның аясында өздерін осылай атап, ол қазіргі кезге дейін осылай жалғасып келеді (Landau, 1981: 28-30).

Осман империясында Пантүркизмнің ішкі саяси ықпалымен қатар сыртқы, яғни халықаралық сипаты да болды. Пантүркизм идеологиясының саяси алғышарттары мен түпкілікті мақсаты түріктерді Еуропадағы Пангерманизм, Панславизм сияқты ұлттық идеялармен халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістермен таныстыру болды. Сонымен қатар, бұл кезде Еуропада түркиялық зайырлы қоғамды, Түркияның мәдениеті мен тарихын және түркі халықтарын зерттеуге деген құштарлығы артып, ғылымда түркологияның, яғни түркі халықтарын зерттейтін ғылымның ізденістері кең таралды.

XX ғасырдың басында Пантүркизм идеясы өзіне дейінгі Османизм идеясын ауыстыра бастады және Панисламизм сияқты діни идеологиялық саясатпен ұштастырылды. Бұл

Жас түріктердің билікке келгенінен бастап саяси-идеологиялық жағдайдың өзгеруімен байланысты болды. Дегенмен, бұрынғы идеялар өз бағытына қарай жаңара бастады. Османизмнің жаңару саясаты – Осман империясының барлық субъектілерінің өз ұлттық негізі мен тәуелсіздігінен бас тартуды, біртұтас Осман империясының ұлтын, яғни империя халқын құруды және барлық азаматтардың нәсілі мен дініне қарамастан теңдігін жариялады. Ғасырлар тоғысында әлем халықтары арасында бұрын болған халықтар өз ұлтшылдығы мен тәуелсіздігі үшін күресіп жатқанда Османизм идеясының басты жақтаушылары болған Жас түріктер жағдайдың кері ықпал ететінін алғашқыда терең түсіне алмады. Мұның басты мысалы – бұл идеология империя құрамындағы халықтардың енді ғана оянып келе жатқан ұлттық санасына қайшы келді және олардың тәуелсіздік үшін күресін күшейтті. Болгарлар, армяндар, гректер өз еркіндігі үшін саяси күреске шықты. Оның басты мысалдары 1912-1913 жылдары болған Балқан соғыстары мен армяндардың билікке қарсы басқөтерулері болды. Осылайша, Османизм идеологиясы өзінің пайдасын бере алмай, күйреді (Котов, 2019: 68-71).

Жас түріктердің билігі кезінде діни мәселелерге назар аудармай, зайырлы қоғамды қолдады. Дегенмен ислам діні өз күшінде болып, бүкіл мұсылман әлеміне жар салған Панисламизм идеясын да саясаттың кілті ретінде назарда ұстады. Бұл кезде Панисламизм идеяларын тарату жұмыстары өз деңгейінде болып, оның негізгі көзі “Сират-и мустахим” (Шынайы жол) журналы және “Себиль ур-решад” (Шынайы бағыт жолы) журналы болды. Дегенмен, мұнда да өзіндік кедергілер орын алып жатты. Себебі, бұл кезде Осман империясының Таяу Шығыс провинциялары, яғни арабтар қағаз жүзінде Осман империясына қарағанымен, ол аймақтарда іс жүзінде еуропалықтардың, Англия мен Францияның билігі орнап қойған еді. Иран Англия мен Ресейдің ықпалында болып, ал Орта Азия Ресей империясының құрамында еді. Сондықтан да, Осман империясының Панисламизм идеологиясын бүкіл мұсылман әлеміне жоғары қарқынмен жүргізуі мүмкін емес еді (Червонная, 2003: 155-158).

Дегенмен, Таяу және Орта Шығыстың мұсылмандары арасынан түркиялық Панисламизмді қолдаушылар да аз болған жоқ. Себебі, осман сұлтаны мұсылман халықтарының басшысы – Халиф болып, ол өзінің ықпалын

көрсете алды. Бұған арабтар, мен парсылардан және басқа да мұсылман халықтардан бөлек Орта Азиядағы түбі бір түркілер де белсенділік танытты. Түріктердің Орта Азиядағы түркі халықтарымен тек діни емес, сондай-ақ тілдік, мәдени және тарихи-генеологиялық тұрғыдан жақын болуы өзінің тиімді тұстарын бұрынғыдан да жақсы қырынан көрсете бастаған еді. Бұл жағдай Панисламизмнен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында кеңінен танымал бола бастаған Пантүркизм идеясына қарай ауысудың немесе онымен бірге жұмыс істеудің басты мысалы болды.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында атақты теоретиктер Зия Гөкалп пен Юсуф Акчура сынды халықаралық деңгейдегі саяси қайраткерлердің еңбектері жарияланып, қоғамға талқыға ұсынылды (Gökalp, 2015: 18-23). Ю.Акчура түркі халықтарының сол кездегі саяси-әлеуметтік өмірімен терең танысып, сонымен бірге Осман мемлекетіндегі қоғамдық ахуалды зерттеді. Соның негізінде ол ғылыми-публицистикалық еңбектерін жариялап, онда Түркия мен түркі халықтарының бірлігі туралы проблематикалық тақырыптарды көтерді. (Мухамметдинов, 1996: 157).

1904 жылы «Тюрк» газетінде Юсуф Акчураның «Саясаттың үш түрі» атты мақаласы жарияланды, онда татар авторы, пантүркизмнің алғашқы идеологтарының бірі саналған Юсуф Акчура әлсіреп бара жатқан империяны құтқару үшін ұлттық идеологиялық доктринаны таңдаудың үш нұсқасын – пантүркішілдік, панисламизм және османшылдықты қарастырды. Ол – Пантүркизм идеологиясының панисламизм мен османшылдықтан гөрі басым екендігін алға тартты. Жоғарыда атап өткендей, Ю. Акчураның шығармасы пантүркизмнің өзіндік манифестіне айналды. Автор алдымен Осман империясының саяси өмірінің үш бағытын атап өтеді: Осман үкіметіне бағынышты ұлттың ассимиляциясы мен бірігуі нәтижесінде Осман ұлтын құру; Осман империясының сұлтаны барлық мұсылмандардың саяси одағының жетекшісі болуы керек; Этностық негіздегі саяси түркі ұлтының қалыптасуы. Автор, сонымен бірге егер сіз жекелеген халықтарға автономия бермесеңіз, онда олар көтеріліс арқылы толық тәуелсіздікке қол жеткізеді және империядан бөлінеді деп санайды. Нәтижесінде Ю. Акчура Осман империясын қазіргі шекараларда сақтау үшін ол федералды типтегі мемлекет болуы керек деген қорытындыға келді (Жолсейітова, 2020: 3-4)

«Түркітану, исламшылдық және модернизация» кітабының авторы саналған Зия Гөкалп Пантүркизмнің идеологиялық дамуына еңбек етті. Ол Жас түріктер құрған мемлекеттің саяси-ұлттық идеологиясын қалаушылардың бірі болды. Зия Гөкалп Түркияны бұрынғысынша империялық деңгейге көтеріліп, ұлттық, ислами мемлекетке айналады деп санады. Мемлекетте болып жатқан айтулы реформалар мен өзгерістерді көрген ол оны «Жаңа өмір» деп сипаттады және жаңарған түрік мемлекеті мен ұлтының қалыптасуына үлес қосты. Оның ұлттық анықтамасы нақты және түсінікті болды (Gökalp, 2015: 14-15).

Оның бұл тұжырымы Осман мемлекетін түріктендіруге бағытталап, тек сол үшін ғана Орта Азия және бүкіл Ресей империясының түркі халықтарымен жақындасу қажеттігін алға тартады. Ал, Ю.Акчура бұдан да кең ойлап, сол бойынша жұмыс істеуді алға тартты. (Тупауа, 1984: 302-303).

Бұдан бөлек, яғни Пантүркизмнің идеологиясынан тыс Панисламизмнің ықпалы зор болды. Осман мемлекетінің идеологтары Орта Азиямен саяси байланыстарды реттеуде және оларды өздеріне тартудағы саяси жобаларын жүзеге асыруда Ислам бірлігі мен оған негізделген әрекеттерді ұдайы басшылыққа алды. Осының негізінде Орта Азияның әр аймақтарына Түркиядан үгіт-насихат жүргізу мақсатында арнайы «миссионерлер» жіберіліп отырды. Олар әр түрлі қалаларда, аймақтарда болып, түркі халықтарының саяси бірлігін насихаттап, оның басты негізін діни тақырыптардың аясында түсіндіреді.

Революцияға дейінгі кезеңде Орта Азия мен жалпы Түркістан өлкесіне түркиялық азаматтар көптеп келді. Олардың арасында агитаторлар, панисламизмді таратушылар көп болды. Басты мақсат, аймақтағы түркі-мұсылман халықтарының Ресейге қарсы діни рухын көтеріп, оларды панисламистік рухпен тәрбиелеу болды. Ол үшін арнайы миссионерлер жіберілді. Түркиялық агитаторлар мұнда негізінен діни кітаптар алып келді. Күдікті деп танылған түркиялық азаматтардан көбінесе табылған заттар:

1. Құран кітабы (араб тілінде).

2. Бедиль кітабы (парсы тілінде). Бұл кітап әдеби шығармашылықпен байланысты болып, сонымен бірге халықтың рухы мен шабытын көтеретіндей материалдар болды.

3. Пайғамбарлар туралы кітаптар. Оның ішінде Хз. Адам атадан бастап барлық пайғамбарлардың тізімі берілген.

4. Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызметіне қатысты кітап. Мұндай кітаптарды арнайы мешітке апарып, жастарға оқытатын болған.

Мұндай кітаптар мен діни еңбектер қажылыққа барған азаматтарға да беріліп отырған. Олар бұл кітаптарды әкеліп, мешіттер мен медреселерге таратқан (ҚРОМА 44 қ. 1 т. 8582 іс. 14 п.). Осы секілді істермен айналысушы азаматтарды Түркістан өлкесінде жергілікті орган өкілдері күдікті азаматтар деп санап, ұдайы бақылауға алып отырған.

Мұндай күмән тудыратын азаматтар туралы мәліметтер жинау Ресей әкімшілігі тарапынан Түркістанда көптеп жүргізілді. Олардың басты мақсаты – аймақта Осман империясынан келген азаматтарды тексеруден өткізіп, қатаң бақылауда ұстау болды. Себебі, түркиялық азаматтардың арасынан дінді уағыздайтын, панисламистік насихат жұмыстары көптеп жүргізілетін еді. Түркістан өлкесінде мұндай азаматтардың қатары көп болып солардың бірі Хажы Мұхаммед Абдуллаоглы болды. Ол бұған дейін Ауғанстанның Андхой қаласында болған. Кейіннен бұл жерден шығып, өз ұлы Мир Абдулла екеуі Түркістан өлкесіне келеді. Әр қалаларда болып, діни істермен шұғылданған. Арадан көп ұзамай бұл азаматтардың әрекеттері Түркістан өлкесінде панисламистік үгіт-насихатпен айналысты деген үлкен күмән тудырды. Бұл азамат негізінен 70-те асқан қарттау кісі болған. Оның киген киімі ерекше болып, ел арасында оның айтылған сөздері де үлкен күмән тудырды. Баласы 22 жаста болып, олардың екеуі де панисламистік жұмыстармен айналысқаны айқындалды. Бұл туралы 1904 жылы 28 қараша күні Түркістан өлкесінің басшылығына қарасты дипломатиялық өкілдер мен ішкі істер органдары тарапынан мәліметтер берілді (ҚРОМА 44 қ. 1 т. 8777 іс. 1 п.). Бұл кісілердің кейіннен Верный қаласына, одан ары қарай Токмак және Наманган қалаларына қарай бару керектігі анықталған. Сонымен қатар, сұрастыру жұмыстары кезінде олардың Бұхара қаласында болып, ол жерден ары қарай діни-насихат жұмыстарын жалғастыруы қажет болғандығы белгілі болды (ҚРОМА 44 қ. 1 т. 8777 іс. 6 п.).

Жетісу облысы түркиялық агитаторлардың кең таралған және аса ауқымды мәселе кө-

терілген аймақтардың бірі болды. Мұнда түркиялық агитатор ұсталып, оның Пржевальск және Жетісу облысының басқа да уездерінде панисламистік қимыл әрекеттер жүргізгені ұзақ уақыт бойы зерттеу жұмысынан соң барып дәлелденді. Мұнда түркиялық азамат Сейд Мухаммед Хамид Ефенди (ҚРОМА 44 қ. 1 т. 8582 іс. 24 п.) осы уездің және онымен іргелес жатқан аймақтарға діни уағыз айтып, тиісті үгіт-насихат жұмыстарын (ҚРОМА 44 қ. 1 т. 8582 іс. 25 п.). Сонымен бірге, ол Қашғардан келген азаматтармен де бірлесіп, жергілікті халық арасында тиісті діни-ағартушылық жұмыстарын ұйымдастырған.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында Түркістан өлкесінен Осман империясында болып және сонда қажылық сапармен немесе оқу-білім іздеп барған азаматтар да болды. Өз кезегінде оларға да Ресей билігі арнайы тексеру және тінту жұмыстарын жүргізген. Оның ішінде әсіресе күдікті деп табылған азаматтар ұдайы бақылауда болып, олар арнайы тексеруден өткізілген. Оның сыртқы байланыстары жиі тексеріліп тұрды. Сондай азаматтардың бірі Қоқанда және Верныйда өмір сүрген Агуанбек Райымбеков болып, ол бірнеше рет тексеруден өтті (ҚРОМА 44 қ. 1 т. 8766 іс 6 п.). Оның екі қалада үйінің болуы өлкен күмән тудырды және Стамбулда ұзақ уақыт қалып қоюы күмәнді саналды. Белгілі бір мерзімде жүргізілген тексеруден соң, 1904 жылы 1 шілдеде Ресей империясының Стамбулдағы консулдығына бұл азаматтан ешбір күмәнді айғақ табылмағаны туралы арнайы рапорт жеткізілді (ҚРОМА 44 қ. 1 т. 8766 іс 8 п.). Мәселеге қарай отырып, бұл азаматтың Стамбулда мен Орта Азия қалалары арасында түркілік және діни-пропагандалық жұмыстарды насихаттағанын аңғару қиын емес. Мұндай жұмыстар әрине Түркістанды басқарып отырған Ресей үшін қауіпті саналды. Ал, түркі-мұсылман халықтарының интеграциясы үшін өте орынды саналды.

Сонымен, түркі халықтары арасында ілгеріден қалыптасқан тілдік, мәдени-рухани бірліктің заманауи формасы қалыптасты. Ол сол кездегі тарихи процестермен көрсетіліп, модернизацияланды және ақыры XX ғасырдың басында Ресейдің түркі халықтары тарапынан жүзеге асырылған ерекше факторлармен айқындалатын Пантүркизмнің нақты жолы қалыптасты. (Бороздин, 2010: 158-161). Бүкіл Ресей империясының құрамындағы түркі халықтары түркі-мұсылмандық мәдениетке

негізделген ұстанымдар басым болғанын Ресей билігіне көрсете алды.

1904-1905 жылдары түркі-мұсылман халықтарының бірінші рет «Иттифакуль-Муслимин» атты қоғамдық-саяси партиясы пайда болды. Бұл саяси бірліктің жетекшілері ретінде сол кезде түркі халықтарының бірлігіне қызмет еткен Исмаил Гаспыралы, Мердан Бей Топчубашы, Абдуррешит Ибрахимов және Юсуф Акчура болды. Оның өзіндік орны болып, ол Ресейде кең таралған түркі-мұсылман халықтарының Жәдидизм реформаларын жүзеге асыруда және ескірген мұсылмандық дәстүрді жоюда аталған қайраткерлердің қызметі жоғары болды. Дәлірек айтқанда, Түркі әлемін біріктіру және жаңғырту бағдарламасын жүзеге асырудың екінші маңызды саласы білім беру жүйесі болды. Бұл салада Гаспринский мектеп білімінің «жаңа әдісін» — «*usul-i ceded*» жасап, ерекше жігерлі және жемісті жұмыс істеді. Оның орысша белгіленуі «жаңа сәнді» мектептерге атау берді, ал түркі түбірі «джадид» бүкіл қозғалыстың («джадидизм») және оның жақтастарының («джадидтер») атауына негіз болды. (Nâdir, 1999: 15-20).

Бұл қоғамдық бірліктің қызметі өз алдына жүріп отырды. Ал, Түркиядан ұйымдастырылған идеологиялық жұмыстар өзінің жалғасын таба берді. Түркия тарапынан жүзеге асырылған мұндай жұмыстар негізінен оның басты қарсыласы болған Ресейге қарсы түркістандық түркі-мұсылман халықтарын тарту еді. Өз кезегінде, Ресей билігі қоғамда жәдидизмді қолдағанымен, бір жағынан түркі халықтарының арасындағы мұндай ынтымақтастықтан қаймыға бастағанын да айта кету керек. Панисламистік жоспарға негізделген жұмыстарды жүзеге асыруға қарсы тұру үшін Ресей билігі іздеу жұмыстарын жүргізудің әртүрлі әдістерін қолданды. Оның ішінде: мұндай тыңшылық немесе үгіт-насихат жұмыстарына қатысты мәліметтер жинау, күдікті адамдарды және нақты дұшпанды іздестіру, күмәнді саналған агенттерді тексеру, агенттік желімен ішінара байланыс ұйымдастыру, құпия жұмыстар, жалпы полиция мекемелерімен және армия қолбасшылығымен өзара әрекеттесу, хат-хабарларды бақылау, сыртқы бақылау. Мұндай астыртын жұмыстардың жүру себебі Түркиядан Түркістан өлкесіне келген азаматтар арасында ешбір агитаторлық жұмыспен айналыспайтын азаматтар да болды. Сондықтан жергілікті жердегі билік органдары үшін мұны айқындау біраз қиындықтар тудырды (Lysenko, 2019: 1379).

Мұсылмандар тарапынан өсіп келе жатқан қауіп туралы түсінік халықаралық жағдайдың күрделенуіне байланысты күшейе түсті. Бұл Түркиядағы Ресейдің агенттігінен шығып, полиция департаментінің арнайы бөліміне келіп түскен Панисламизм туралы құжаттармен көрсетіледі. Агенттер 1908 жылы Осман империясында Жас түріктер билікке келгеннен кейін де жүзеге асырылған. Жас түріктер түрік қоғамында Панисламизмнің рөлін түсінуді, басқа мемлекеттердің Иттихад-Теракки ұйымын қолдауына, Жас түріктердің Ресей қоғамына қатысты мәселелермен шұғылданды. Ең маңызды агентуралық барлау жазбаларын полиция департаменті губернаторларға жіберіп отырған. Материалдарды жинауға және жүйелеуге айтарлықтай уақыт қажет болды, дегенмен, тексеру күшейтіліп, мәліметтер жинау мұқият қадағаланды. (Сенюткина, Гусева, 2019: 27-28).

Мысалы, 1909 жылдың соңында, полиция департаментінің мәліметі бойынша, Стамбулда «Бұхара білім тарату қайырымдылық қоғамы» деген бірлестік пайда болды. Оның мақсаты Түркістан өлкесі мен Бұхараның мұсылман жастарын Түркияға тарту болды. Полиция қызметкерлерінің пікірінше, бұл қоғам, “оның жарғысының кез-келген саяси міндеттердің жоқтығы туралы категориялық мәлімдемесіне қарамастан, оларды сөзсіз қудалайды және өз оқушыларына Панисламизм рухымен жан-жақты білім беруге ниетті болып табылады, сондықтан әр оқушы Стамбул мен Түркияны Исламның орталығы деп санайды және оларға үнемі тартылып тұрады» (Türkistan Tekkeleri, 2017: 27-28).

Панисламистік идеялар бірінші Дүниежүзілік соғыстың қарсаңында одан сайын күшейді және ол ерекше қарқын алды Айта кетерлігі, бірінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында Түркия ауыр дағдарыс халінде болып, 1911 жылы Италиямен, ал 1912-1913 жылдары Бірінші және Екінші Балқан соғыстарын жүргізді. Өзінің саяси-экономикалық қиындықтарына қарамастан, Осман мемлекеті Ресейді өзінің басты қарсыласы санады. Бұл кезде халықаралық қатынастар шиеленісіп, әлем үлкен бір соғыстың алдында тұрса да Германиямен тығыз байланыста болған Жас түріктер оның басты серіктесі болып, түріктердің саяси ұстанымдары Ресейге қарсы бағытталды. Бұл дегеніміз – Осман империясы Бірінші Дүниежүзілік соғыста Ресей империясына қарсы соғысушы бірден-бір мемлекет болды. Демек, Орта Азиядағы түркі-

мұсылман халықтарын өз жағына тартып, оларды Ресей билігіне қарсы қою Стамбулдың басты саясаты саналып, ол бұдан ары жалғасатынын көрсетті (Nacısalihođlu, 2008: 104-108).

Бірінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында діни саясаттың негізінде Орта Азия халықтарын өз жағына тартудың басты жолы – Қажылық болды. Түркістан өлкесі мен Қазақ даласынан жыл сайын жүздеген, мыңдаған зияратшылар Мекке мен Медина қалаларындағы Исламның киелі жерлеріне тағзым ету үшін аттанып отырды. Бұған бұрынғы Түркістан мен Дала өлкесінің әскери губернаторының кеңсесінде қажылардың аман қалған төлқұжаттарының көптігі дәлел. Түркия арқылы өтіп бара жатқан қажылар пантүркістер мен панисламистік идеологтардың ықпалына оңай түсіп отырды. Түркиялық агентура олардың ішінен мұндай агенттерді шетелдік барлау қызметтері жалдады. Тиісті мәліметтер бойынша, барлаушылық қызметпен айналысушы орган өкілдері Меккеге арнайы рұқсат алып келген ресейлік қажылармен араласып, оларды өз жағына тартады. Оларды Стамбулды аралатып оларға құрмет көрсетіп, ерекше сый-сияпат тарту етті, арасында білімі жоғары және белсенді болғандарын мемлекеттік органдардың өкілдерінің, яғни лауазымды тұлғалардың қабылдауына алып кіретін болған. Жергілікті халық арасында өз діни білімімен танымал болған молдаларға Меккеден қайтар жолда, сұлтанның атынан түрде сыйлықтар жіберілді. Олардың басы бөлігі діни-идеологиялық кітаптар болған. Ол кітаптарды еліне әкелген молдалар халық арасында діни білімді, осман сұлтаны, яғни Ислам халифінің уағыздары мен ілімін дәріптеп, соның негізінде Орта Азия халықтары, жалпы ресейлік мұсылмандар Түркияны кеңінен таныды (Sarıpaу, 2019: 10-14).

Атап отырғанымыздай, стамбул арқылы Меккеге Қажылық сапарға уақыт-уақытымен аттанып отырған түркістандық қажылар өздеріне діни білімді тағы да терең сіңіру үшін

Стамбулдан бөлек басқа аймақтарға да барып, өздеріне мол діни мәліметтер жинап отырған (BOA İ.DH, 1312/20). Орта Азиядан Меккеде болған қажылардың саны барынша өсті. Онда бұхаралықтар да көп болды. Қажылар Меккеде тұрақтап қалды және Стамбул мен басқа аймақтарға тарады. Олардың арасынан жергілікті жерде қалып, әр түрлі жұмыстармен, саудамен, ауыл шаруашылығымен айналысқан азаматтар да болды (BOA.Y.PRK.BŞK 60/73). Қажылық – Панисламизм идеологиясының басты жолы саналып, жыл сайын қажылыққа аттанған мыңдаған мұсылмандар бұл саладағы интеграцияны күшейтті. Осы тұста бұл мұндай саясатта Қажылықтың ролі үлкен болғандықтан, оны арнайы тақырып ретінде қарастыру қажет екендігін айта отырып, ол мұнда тек жалпылама көрсетілді.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген пантүркістік және панисламистік бағыттар мен осы бойынша жүргізілген жұмыстарды сараптап, талдай келе бірқатар қорытынды жасалды. Осман империясының Орта Азия халықтарымен жүргізген Пантүркізм идеологиясы – бұл осы аймақтағы түркі халықтарының деңгейіне қарамастан оларды бір тудың астына біріктіру саясатына негізделген идеология болып, оның басты мақсаты – Орта Азияда қуатты одақ немесе бірлестік құру болды. Пантүркізм және онымен өз кезегінде бірге жүргізілген панисламистік қозғалыстар тарихи тамырлары бір болған ортаазиялық түркі-мұсылман халықтарының ұлттық саяси ояну процесін жеделдетуге бағытталды. Осман империясы тарапынан жүзеге асырылған бұл процесс кейін де өз жалғасын тапты. Оның басты мысалдары – Бірінші Дүниежүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейінгі кезеңде Түркияның Орта Азиядағы түркі-мұсылман елдерімен ұстанған байланыстары болды.

Әдебиеттер

- Bazarbaev Kanat. (2011). Turkestan jadidizm and the Young Turks movement: Jadid views on the State. // JMTS,8 87-102 p.
BOA (Başbakanlık Osmanlı Arşivi) İ.DH, 1312
BOA.Y.PRK.BŞK 60
Gökarp Z. (2015). Türkçülüğün Esasları. – İstanbul: Ötüken.– 254 s.
Jacob M. Landau, Pan-Turkism in Turkey: A Study of Irredentism. – London: C. Hurst, 1981 – 219 p.
Deringil S. (2007). Simgeden Millete. II. Abdülhamid'den Mustafa Kemal'e Devlet ve Millet. İstanbul: İletişim Yayınları. 296 s.
Enver Ziya, Karal. (2011). Osmanlı Tarihi VIII: Birinci Meşrutiyet ve İstibdat Devirleri, 1876-1907. Ankara: TTK Yayınları. 631 s.

- Hacısalıhoğlu, M. (2008). “Jön Türklerin Balkan Politikası (1908-1913)”. // *Divan: Disiplinlerarası Çalışmalar Dergisi*. S 99-127
- Kemal H. Karpat. (2012). *Türk Dış Politikası Tarihi*. İstanbul: TİMAŞ YAYINLARI. 398 s.
- Kemal H. Karpat. (2015). *Osmanlıdan Günümüze Asker ve Siyaset*. İstanbul, Timaş Yayınları. 395 s
- Kuran Ahmet Bedevi. (2010). *Osmanlı İmparatorluğunda İnkılâp Hareketleri ve Millî Mücadele*. İstanbul: Türkiye bankası kültür yayınları. 930 s.
- Mustafa DERE. (2017). İstanbul'daki Türkistan Tekkeleri. Cilt 4, Sayı 2, 513-516,
- Mehmet Saray. (2000). Hanlıklar Döneminde Osmanlı Devleti'nin Türkistan Siyaseti. // *Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi*. Sayı IV, İzmir. S. 17-20.
- Nâdir Devlet. (1999). Rusya Türklerinin millî mücadele tarihi: 1905-1917. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi. 347 s.
- Sarınay, Yusuf (2019). “Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi Olarak İstanbul”. *Bilgi – Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi* 88: 1-18.
- Tunaya T.Z. (1984). *Türkiye’de Siyasal Partiler*. C. I. İstanbul: Hürriyet Vakfı Yayınları. 688 s.
- Yalçınkaya Alaeddin. (1997). *Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856’dan Günümüze*. İstanbul: Timaş Yayınları. 480 s.
- Yusuf Sarınay. (2019). Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi. Olarak İstanbul. // *Bilgi KIŞ Sayı 88*. – S. 1-18
- Yuliya A. Lysenko. (2019). The Activities of Turkish Agents in the Central Asian Borderlands of the Russian Empire in the early XX century according to the Materials of the Reports of the Officer on Special Assignments of the Ministry of Interior L. Namumov. // *Bylye Gody*. Vol. 53. Is. 3. 1373-1382.
- Арапов Д.Ю. (2006). Совершенно новые веяния: министр внутренних дел Д. С. Сипягин и русский посол в Турции И.А. Зиновьев о «мусульманском вопросе» / публикация Д. Арапова // *Родина*. № 12 . С. 62-64
- Бороздин С.С. (2010.). Распространение идей панисламизма в Туркестане (начало 20 в.) / С.С. Бороздин // *Известия Уральского государственного университета*. Сер. 2, Гуманитарные науки. N 4. С. 155-162
- Васильев А.Д. (2012). К вопросу о существовании тайного общества младобухарцев и его связях с младотурками. // *Сборник статей в память востоковеда-тюрколога А.Н. Самойловича*. М.: ПРОБЕЛ-2000, С. 33-41.
- Гилязов И.А. (2003). *Тюркизм: Становление и развитие: Характеристика основных этапов*. Учебное пособие для студентов-тюркологов. Казань: КГУ, – 51 с.
- Жолсейітова М.Ә. (2020). Юсуф Акчураның Жас түріктер билігі тұсындағы қызметі. // *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz»*. №1
- Котюкова Т.В. (2010). «Мусульманский вопрос» в Туркестане в начале XX века // *Вопросы истории*. № 9. – С. 93-101
- Котов Б. С. (2019). Политика Австро-Венгрии во время Балканских войн 1912–1913 годов в оцен ках российской прессы. // *Новая и Новейшая история*. — Выпуск 4 С. 67-83
- ҚРОМА 44 қ. Семиреченское областное правление Министерства внутренних дел. 1868-1918
- Мухамметдинов Р.Ф. (1996). Зарождение и эволюция тюркизма: (из истории политической мысли и идеологии тюркских народов; Османской и Российской империи, Турция, СССР, СНГ 70-е гг. 19 в. – 90-е гг.20 в. Казань: Заман, 270 с
- Сенюткина О.Н., Гусева Ю.Н. (2019). Панисламизм и пантюркизм в осмыслении российских чиновников (начало XX века) // *Новый исторический вестник*. – № 2– С. 21-37
- Червоная Светлана. (2003). Пантюркизм и панисламизм в российской истории // *Отечественные записки*. № 5. С. 152-166

References

- Bazarbaev, Kanat. (2011). Turkestan jadidizm and the Young Turks movement: Jadid views on the State. // *JMTS*, 8 87-102
BOA İ.DH, 1312
BOA.Y.PRK.BŞK 60
- Gökalp Z. (2015). *Türkçülüğün Esasları [Fundamentals of Turkism]*. – İstanbul: Ötügen.– 254 s.
- Jacob M. Landau, *Pan-Turkism in Turkey: A Study of Irredentism*. – London: C. Hurst, 1981 – 219 p.
- Deringil S. (2007). *Simgeden Millete. II. Abdülhamid’den Mustafa Kemal’e Devlet ve Millet*. [From Symbol to Nation. II. State and Nation from Abdulhamid to Mustafa Kemal]. İstanbul: İletişim Yayınları.– 296 s.
- Enver Ziya, Karal. (2011). *Osmanlı Tarihi VIII: Birinci Meşrutiyet ve İstibdat Devirleri, 1876-1907*. [Ottoman History VIII: First Constitutional Monarchy and Dominion Periods, 1876-1907] – Ankara: TTK Yayınları, 631 s.
- Hacısalıhoğlu, M. (2008). “Jön Türklerin Balkan Politikası (1908-1913)”. [Balkan Policy of the Young Turks (1908-1913)]. // *Divan: Disiplinlerarası Çalışmalar Dergisi*. – S 99-127
- Kemal H. Karpat. (2012). *Türk Dış Politikası Tarihi*. [Turkish Foreign Policy History.]. İstanbul: TİMAŞ YAYINLARI. – 398 s.
- Kemal H. Karpat. (2015). *Osmanlıdan Günümüze Asker ve Siyaset*. [Military and Politics from the Ottoman Empire to the Present]. İstanbul, Timaş Yayınları, – 395 s
- Kuran Ahmet Bedevi. (2010). *Osmanlı İmparatorluğunda İnkılâp Hareketleri ve Millî Mücadele*. [Revolution Movements and National Struggle in the Ottoman Empire]. – İstanbul: Türkiye bankası kültür yayınları, 930 s.
- Mustafa DERE. (2017). İstanbul'daki Türkistan Tekkeleri. [Turkistan Lodges in Istanbul]. Cilt 4, Sayı 2, 513-516,
- Mehmet Saray. (2000). Hanlıklar Döneminde Osmanlı Devleti'nin Türkistan Siyaseti. [Turkistan Politics of the Ottoman State in the Period of the Khanates.] // *Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi*. Sayı IV, İzmir, – S. 17-20.
- Nâdir Devlet. (1999). Rusya Türklerinin millî mücadele tarihi: 1905-1917. [The history of the Russian Turks' national struggle: 1905-1917]. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 347 s.
- Sarınay, Yusuf (2019). “Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi Olarak İstanbul”. [Istanbul as a Visiting Center for Turkistani Pilgrims]. // *Bilgi – Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi* 88: 1-18.
- Tunaya T.Z. (1984). *Türkiye’de Siyasal Partiler*. C.I. [Political Parties in Turkey]. İstanbul: Hürriyet Vakfı Yayınları, – 688 s.

Yalçınkaya Alaeddin. (1997). Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze. [Turkestan in the Light of Colonialism-Panislamism, From 1856 to Present] İstanbul: Timaş Yayınları, 480 s.

Yusuf Sarıay. (2019). Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi. Olarak İstanbul. [Istanbul as the Visitation Center of Turkistani Pilgrims]. // Bilig KIŞ Sayı 88. – S. 1-18

Yuliya A. Lysenko. (2019). The Activities of Turkish Agents in the Central Asian Borderlands of the Russian Empire in the early XX century according to the Materials of the Reports of the Officer on Special Assignments of the Ministry of Interior L. Naumov. // Bylye Gody. Vol. 53. Is. 3. 1373-1382.

Arapov D.Yu. (2006). Sovershenno novyye veyaniya: ministr vnutrennih del D. S. Sipyagin i russkiy posol v Turtsii I.A. Zinoviev o “musulmanskoy vopros” [Completely new trends: Interior Minister D.S. Sipyagin and Russian Ambassador to Turkey I.A. Zinoviev on the “Muslim Question”]. / publikatsiya D. Arapova // Rodina. № 12 . C. 62-64

Borozdin S.S. (2010). Rasprostraneniye idey panislamizma v Turkestane (nachalo 20 v.). [Spread of the ideas of pan-Islamism in Turkestan (beginning of the 20th century)]. / S.S. Borozdin // Izvestiya Uralskogo gosudarstvennogo universiteta. Ser. 2, Gumanitarnyye nauki. № 4. S. 155-162

Vasilev A.D. (2012). K voprosu o suschestvovanii taynogo obschestva mladobuhartsev i ego svyazyah s mladoturkami. [On the question of the existence of a secret society of the Young Bukharians and its connections with the Young Turks]. // Sbornik statey v pamyat vostokoveda-tyurkologa A.N. Samoylovicha. Moskva: PROBEL 2000, S. 33-41.

Gilyazov I.A. (2003). Tyurkizm: Stanovleniye i razvitiye: Harakteristika osnovnykh etapov. Uchebnoye posobie dlya studentov-tyurkologov. [Turkism: Formation and development: Characteristics of the main stages]. Kazan: KGU 51 s

Jolseitova M.Ä. (2020). İusuf Akchuranyñ Jas türükter bilgı tüsyndağy qyzmeti.[Yusuf Akçura's career under the Young Turks]. // Elektronnyy nauchnyy jurnal «edu.e-history.kz». №1 (21).

Kotyukova T.V. (2010). «Musulmanskyy vopros» v Turkestane v nachale XX veka. [“Muslim question” in Turkestan at the beginning of the 20th century] // Voprosy istorii. № 9. S. 93-101

Kotov B.S. (2019). Politika Avstro-Vengrii vo vremya Balkanskikh voyn 1912–1913 godov v otsenakh rossiyskoy pressy. [The policy of Austria-Hungary during the Balkan wars of 1912–1913 in the assessments of the Russian press]. // Novaya i Noveyshaya istoriya. Vyipusk 4 C. 67-83

QROMA f. 44. Semirechenskoye oblastnoye pravleniye Ministerstva vnutrennih del. 1868-1918 [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. f. 44. Semirechensk Regional Administration of the Ministry of Internal Affairs 1868-1918].

Muhammetdinov R.F. (1996). Zarozhdeniye i evolyutsiya tyurkizma: (iz istorii politicheskoy myisli i ideologii tyurkskikh narodov; Osmanskoy i Rossiyskoy imperii, Turtsiya, SSSR, SNG 70-e gg. 19 v. – 90-e gg. 20 v.). [The origin and evolution of Turkism: (from the history of political thought and ideology of the Turkic peoples; the Ottoman and Russian Empires, Turkey, the USSR, the CIS in the 70s of the 19th century – the 90s of the 20th century)]. Kazan: Zaman, 270 s

Senyutkina O.N., Guseva Yu.N. (2019). Panislamizm i pantyurkizm v osmyislenii rossiyskikh chinovnikov (nachalo XX veka). [Pan-Islamism and Pan-Turkism in the Understanding of Russian Officials (beginning of the 20th century)]. // Novyyiy istoricheskiy vestnik. №2 (60). S. 21-37

Chervonnaya Svetlana. (2003). Pantyurkizm i panislamizm v rossiyskoy istorii // Otechestvennyye zapiski. [Pan-Turkism and Pan-Islamism in Russian History]. №5. S. 152-166.